

Ақмола облысы Зеренді ауданы Мәлік Ғабдуллин ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Мәлік Ғабдуллин ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 8276 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 8 қазандағы қорытындысы негізінде, Мәлік Ғабдуллин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Зеренді ауданы Мәлік Ғабдуллин ауылының көшелері қайта аталсын:

- 1) Придорожная көшесі Жібек жолы көшесіне;
- 2) Новая көшесі Азаттық көшесіне;
- 3) Мир көшесі Жас дәурен көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәлік Ғабдуллин ауылдық округінің әкімі

Ж.Абылкасова